

## ЖОЛДАУҒА ҮН ҚАТАМЫЗ



Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын жариялады. Жолдауды барлық республикалық телеарналар тікелей эфир арқылы көрсетті, негізгі радиостанциялар тікелей толқында таратты.

Осы Жолдауды қаламыздың тұрғындары да тікелей эфир арқылы көрді деп ойлаймыз. Дегенмен біз де өз тарапымыздан Жолдауда айтылған ең маңызды мәселерге қатысты өз ой-пікірімізді білдіре кетуді жөн санаймыз.

Жолдауда баяндалған бірқатар іргелі реформаларға қарамастан, Мемлекет басшысы нақты міндеттер қойды, олардың мәні әрбір қазақстандыққа түсінікті. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауын мемлекеттік басқаруды жаңа моделін құру, мемлекеттік қызметті қайта жүктеу, кадр саясатына жаңа көзқарастар, шешімдер қабылдау жүйесі және олардың орындалуы үшін жауапкершілік керектігін бастады.

Президент жаңа экономикалық бағдарының жеті негізгі бағытын атап өтті. Жолдауда әлеуметтік міндеттерді шешуге басты назар аударылды. Ең алдымен алғашқы медициналық көмекті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері; үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеу, оның ішінде кәсіби және жоғары білімнің сұранысқа ие мамандықтарға бағдарлануы; бұқаралық спортты кешенді дамыту және үйірме қызметін жандандыру; ЭКҰ квоталарын ұлғайта отырып отбасылық-демографиялық саясат, халықтың репродуктивті денсаулығын нығайту және қорғау.

Қазіргі уақытта Қ.К.Тоқаев ұсынған қазақстандықтарды әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жобалар, жұмыс істейтін азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй сатып алу, емдеу немесе білім алу үшін пайдалану мүмкіндігі ерекше маңызға ие. Ел Президенті білім саласының басты тұлғалары – ұстаздарды және оқушыларды төл мерекелері – «Білім күнімен» құттықтады. Жолдауда еліміздегі білім саласына мейлінше мән берілгенін, ел болашағы саналатын жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жағдайының жақсара түсуі ешқашан күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе болып қалатынын айта кетуіміз керек.

Сондай-ақ Қ.Тоқаев Қазақстанға қатысты барлық түйткілді мәселелерге арнайы тоқталды. Оның ішінде әлемді жайлаған қатерлі дерт – пандемияның кесірінен дағдарысқа ұшыраған ел экономикасын жанаша, заманға сай құруды, шағын және

орта бизнеске, ірі кәсіпорындарға көмек көрсете отырып, жұмысшыларға жағдай жасауды жақсарту керектігін айтып өтті. Елімізде жемқорлық дертінің әлі күнге тигізілмей отырғанын сөз етіп, онымен күресуге ерекше көңіл бөлінуі керектігін, қоғамдық қадағалауды енгізуді қадап айтты. Сондықтан жалпы қалық, оның ішінде қаламыздың тұрғындары да сақтық шараларын үнемі жасап, өз денсаулығына өте мән береді деп үміттенеміз.

Үстіміздегі жылдың тыныс-тіршілігіне аса ауыр кезең болып келгенін, тосаттан пайда болған жұқпалы дертке еліміздің медицина саласы дайын болып шықпағанын, бұл кеселдің алдағы уақытта қайта соғуының мүмкін екендігін, осыған байланысты халық денсаулығын қорғауға тиісті аурухана, емханалардың сапасының арттырылуы қажеттігін, медицина саласындағы жұқпалы дерттерге ең қажетті мамандарды дайындауды қолға алуға мән берілуін, еліміздің дәріханалары, ауруханалары дәрі-дәрмекпен жеткілікті қамтылуы, медициналық орталықтар жеткілікті дәрежеде салынуы тиіс екенін баса айтты. Сонымен қатар мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында пандемия барлық мемлекеттер үшін сынақ кезеңіне айналғанын жеткізді. «Олар індетпен күрес жолында көп қиындықты бастан өткізіп жатыр. Бір жерде ахуал тұрақтанса, екіншісінде вирустың жаңа ошақтары пайда болуда. Үкімет жіберілген қателіктерден сабақ алып, жұмысты жедел жолға қоя білді. Ең бастысы халықтан еш нәрсе жасырмай, індеттен қайтыс болғандар туралы ақпараттың барлығын ашық жария-лады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау – біздің мемлекетіміздің басты басымдығы. Жолдауда ұсынылған құқық қорғау және сот органдары реформаларының мәні, сөзсіз, аса маңызды. Азаматтардың осы органдарға деген сенімін, оның ішінде учаскелік инспекторлардың мәртебесін, беделін және танымалдылығын арттыру оң нәтиже береді деп ойлаймын.

Қ.К.Тоқаевтың Президент Әкімшілігі жанынан Құқық қорғау және сот органдарының реформасын жүргізу жөніндегі өкілді комиссия құру мәселесіндегі бастамасын қолдаймыз.

Мемлекет басшысы белгілеген медиация институтын дамыту үшінші мүдделі емес тараптың көмегімен даулы немесе жан-жалдық жағдайда келісім іздеуге мүмкіндік жасайды. Билік пен халық арасында диалог орнығуы тиіс! Жеріміздің Ешқашан Ешкімге Сатылмайтынын Мемлекет басшысы қадап айтқаны халықтың көңілінен шығары анық. Экономикалық дағдарыс тұсында шығынды қысқарту мақсатында шенеуніктер санын қысқарту керектігін мәлімдеді. Халықтың жұмысыздық жағдайына көңіл бөлінуі тиіс екенін, азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендеуіне аса мән берілуі қажеттігі тілге тиек етілді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

## СОСТОЯЛСЯ ГОРОДСКОЙ АКТИВ ПО ОБСУЖДЕНИЮ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК

3 сентября 2020 года под председательством акима города К.А. Камзина был проведен актив города по обсуждению Послания Президента Республики Казахстан Токаева К.К. народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий». Актив прошел в формате ZOOM, с охватом 42 человека.



В активе приняли участие представители деятельности всех сфер города, государственные служащие, работники сферы здравоохранения и образования, представители СМИ города, НПО, малого и среднего бизнеса.

Главной целью актива стало обсуждение основных положений Послания и принятие общих мер по реализации задач,



ленного потенциала, развитие сельского хозяйства, транспортно-логистического комплекса, малого и среднего бизнеса, финансовой сферы, модернизацию территориального развития страны и повышение социального благополучия казахстанцев.

На встрече основным вопросом обсуждения было развитие предпринимательской деятельности, сферы образования и здравоохранения и вопрос занятости населения города.

С докладами выступили: руководитель отдела образования Касимова Г.К., руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства Жусипов А.Ж., директор центра занятости населения Ахметова Р.Е., учитель казахского языка и литературы общеобразовательной средней школы № 1 Хизирова М.Х., врач общей практики



поставленных Главой государства.

С основным докладом выступил аким города Камзин Кайрат Амнгельдиевич, рассказавший обо всех ключевых направлениях Послания Президента и о том, какую работу предстоит реализовать по поручению Главы государства. Он подчеркнул, что в Послании особое внимание уделено на повышение эффективности системы управления, экономики в новых реалиях, раскрытие промыш-

центральной больницы города Эшанкулов Н.И.

В заключении актива аким города отметил, что перед нами большие задачи, и все Приозерцы должны приложить общие силы, для успешного выполнения задач, поставленных Главой государства.

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск

## БІЛІМ САЛАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

оқушы, ата-ананың кездескен қиындықтарын болдырмау үшін арнайы қашықтықтан оқыту платформасын қолға алу қажеттігін нықтап айтты. Арнайы платформаның осы күнге дейін жүзеге аспауы салдарынан аталған ұстағанның (мұғалім, ата-ана, оқушы) киналып, вацаптан бас көтере алмай күйзелгенін де тілге тиек етті. Білім саласындағы қажеттікті саралай келе, қашықтықтан оқытуда кеткен олқылықтарды болдырмау жолдарына тоқталды. Нәтижесінде, Білім Министріне жүктелген тапсырмалар бойынша сақтану шараларын күшейтіп, оқушы денсаулығына басым назар аудару керектігін де ескертті.

“Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі бір орын – ұстаздық”, - деп педагог, қоғам қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, Президент халық мүддесіне арналған Жолдауында мұғалімдер қауымына артылған жауапкершілікпен қатар, әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлінетіндігін, атап айт-

қанда, 2021 жылдың қаңтар айынан мұғалім еңбекақысының 25% өсетінін хабарлады. Жоспарға сай, 2023 жылға дейін 100% орындалатынын да сеніммен жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында республика ауылдарындағы мектептердегі білім беруді жетілдіру, жоғары оқу орындары жұмысының сапасын және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру мәселесі де орынды көтерілді. Бұл мәселелер білікті, саналы ұрпақтың болашағын болжайтыны да даусыз. Тек қана печать пен диплом дайындайтын көптеген жоғары оқу орындарының арнайы тапсырыспен жабылғандығын мақтана хабарлады.

Қолжетімді және сапалы білім алу үшін қалыптасқан оқу дәстүріне көшу мақсатында барлық болмыстарды есепке алынатындығы, 6 жасқа дейін мектепке дейінгі білім жүйесінің де 2025 жылға дейін жолға қойылатынын айтты. Ваучер арқылы ата-ананың

балабақша мен мектепті өзі таңдап, балаларын оқытуға қаксы бар екеніне де тоқталып өтті.

Білім сапасының жақсы қолға қойылғандығы тікелей жергілікті әкімге байланыстылығын ескертті. Сонымен қатар ғылыми жұмыстардың жүзеге асуына грант пен комақты қаржы бөлінетіндігін айтып, ұстаздар мәртебесінің биіктегенін байқатты. Мұндай шешім, әсіресе, пандемия кезінде ата-аналар, оқушылар, жалпы, қоғам тарапынан да мұғалімдер қауымына ерекше құрметтің артқанын сездіретін секілді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бір жыл аралығындағы дағдарыс, өзгерістерден кейінгі тәрбиешілер мен ұстаздар қауымына жасалатын игі істердің жүзеге асатынын Жолдауда міндетті түрде көрсетуі, тек мұғалімдер қауымы емес, халық көкейінен де шығады деген сенімдемін.

Хизирова Маржанкүл Хожабекқызы, №1 ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



1 қыркүйек Білім күніне орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады.

Жолдау барысында білім саласына байланысты арнайы қаралып өткен мәселелер болды. Президенттің республикамыз бойынша қашықтықтан оқытылған оқушылардың соңғы тоқсандағы білім алуын қамтамасыз еткен ұстаздар қауымына өз ризалығын білдірді.

Өскеген ұрпақтың келешегі білімді ұрпақта екенін атап көрсеткен ол – мұғалім,

# ПОСЛАНИЕ - РЕАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ!



1 сентября 2020 года Президент РК Касым-Жомарт Кемелевич Токаев выступил со своим вторым ежегодным Посланием народу Казахстана, в котором озвучил 7 основных принципов нового экономического курса.

Филиал в городе Приозерск Палата предпринимателей Карагандинской области от лица бизнес-сообщества города выражает поддержку озвученным мерам, направленным на оздоровление экономики и поддержку развития предпринимательства в стране.

В частности хотелось бы отметить важность таких поручений Президента, как создание Агентства по стратегическому планированию реформ и Агентства по защите и развитию конкуренции. Конкретно Национальной Палате предпринимателей РК «Атамекен» совместно с Правительством РК поручено разработать предложения по дальнейшим мерам, направленным на

увеличение доли казахстанского содержания в товарах отечественных производителей, а также провести ревизию Налогового кодекса, сделать его более доступным и понятным для предпринимателей.

В отношении увеличения казсодержания Палата предпринимателей Карагандинской области, как и все остальные региональные палаты предпринимателей по стране, проводит планомерную работу с отечественными производителями, переработчиками и предпринимателями, которые при изготовлении своей продукции используют сырье и комплектующие. Так, ежегодно проводятся встречи малого и среднего бизнеса с такими предприятиями, как «Арселор Миттал Темиртау» и «Корпорация Казахмыс», на которых обсуждаются возможности использования продукции МСБ для производственных нужд данных предприятий. В области действует комиссия для выработки предложений по вопросам поддержки отечественных товаропроизводителей под председательством заместителя акима области.

Все меры, принятые на местном уровне, получают мощный толчок к развитию именно сейчас, когда Глава государства обозначил курс на импортозамещение и дал соответствующие поручения. Двигаться к развитию рынка собственных товаров и услуг гораздо

легче, когда государство имеет идентичные цели и оказывает поддержку в их достижении. Президент подчеркнул в своем Послании, что наша общая задача - увеличить объемы производства в обрабатывающей промышленности как минимум в 1,5 раза за пять лет.

Что касается необходимости оптимизации налогового законодательства в сторону упрощения, то стоит отметить, что Региональный совет Палаты предпринимателей области поднимал этот вопрос. Каждая норма Кодекса о налогах и других обязательных платежах в бюджет должна быть понятна для любого предпринимателя - мелкого и крупного, производителя и реализатора, горожанина или сельчанина. В таком случае отпадает необходимость прохождения бизнесом судебных инстанций в попытке доказать свою правоту перед сотрудниками налоговых органов, ведь одно и то же положение уже нельзя будет трактовать двояко, то есть в пользу трактуемого. В то же время, данная мера позволит бизнесу четко знать свои обязанности в отношении государства, а там, где есть конкретика, совершить ошибку в толковании уже невозможно.

Также в ходе ежегодного послания Глава государства поручил обеспечить государственное субсидирование процентных ставок

до 6% годовых для всех действующих предприятий МСБ в пострадавших секторах экономики. В текущих кризисных условиях действие программы будет продлено до конца 2021 года, с расширением ее охвата. На эти цели будет предусмотрено дополнительно 200 млрд тенге.

Еще одним поручением Главы государства стало приостановление до конца года начисления платы за аренду для МСБ по объектам недвижимости, принадлежащим госорганам и квазигосударственному сектору.

Еще одной темой, поднятой в ходе выступления Главой государства, стала новая программа развития агропромышленного комплекса. Правительству поручено совместно с бизнесом начать разработку качественного нового Национального проекта по развитию АПК на пятилетку.

В целом, в течение 2021 года поручено разработать новую нормативно-правовую базу по деятельности МСБ. Главным результатом работы по развитию малого и среднего бизнеса должно стать увеличение к 2025 году его доли в ВВП до 35%, а числа занятых - до 4 миллионов человек.

**Сабиров Фархад Атабекович**  
директор филиала в городе Приозерск  
Палаты предпринимателей  
Карагандинской области

## 5 - ҚЫРКҮЙЕК – ТІЛДЕР КҮНІ

### ҰЛТЫН СҮЙГЕН – ТІЛІН ДЕ СҮЙЕДІ

Журналистика саласында қызмет етіп келе жатқаныма қырық жылға жуық уақыт болыпты. Осынау өмірімде Ана тілім – қазақ тілінің өркендеуіне, төрге шығуына бір кісідей атсалысып келе жатқаныма, бұл – менің өз ұлтымды, оның тілін, дінін, ділін, ұлттық құндылықтарын жан-тәніммен сүйгендігімнің арқасы деп ойлаймын.

2016-жылы Қарағанды облысы әкімі тағайындаған «Тіл жанашыры» байқауында «Тіл жаршысы» аталымы бойынша бірінші орынға ие болуым – мемлекеттік тіл туралы үздіксіз және сапалы мақалалар жазып жүруімнің көрсеткіші болса керек. Мен еңбегімнің бағаланғанына ризамын және осы ұстанымымнан таймақ емеспін. Себебі мемлекеттік тілге байланысты түйткілді мәселелер әлі де жетерлік. Тіл саясатының жүзеге асуы барлық қазақстандықтардың, соның ішінде өз ұлтына жаны аштын азаматтардың басты парызы һәм қарызы болуы тиіс.

Қазақ тілі өзінің көп ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Бүгінгі таңда бабалар мұратына қолымыздың жеткеніне көзіміз жетті – қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесі шынына көтерілді. «Өмірдей жалғызбын, өлімдей ортақпын» дегендей сан ғасырлар арасынан, шайқас пен саясаттың ортасынан жарып шыққан даланың ұлы тілі бүгінде өркендеген мәдениеттің тілі. Иә, қасиетті де, қасиетті қазақ тілі басынан не өткізбеді десейші! Дүние жүзі тарих толқынымен дамып, алға адым-

дап келе жатқанда қазақтың ауызына қисайған орыс сөзін салып, «Бисмиллә» - сін, алдындағы жай-намазын жұлып алған. Дағрадай даланы мекендеген халықтың дінін, тілін, мәдениетін суырып алған не деген сұмдық еді! Ресей патшалығына еніп, орыс «царь» алдында бас иіп, өз жерімізде аяғымызды бау басқан күндеріміз де болып еді. Бірақ, қаһарман қазақ халқы басын көтерді, ілгері жүрді... Бүгінгі ұрпақты бүгінгі күнге жеткізген, арайлы таң, шуақты күлкі сыйлаған дана, батыр, би, ақын, елжанды бабаларымыз. Олардың рухы алдында мәңгілік алғыс! Мәңгілік тағзым!.. Қазақ халқы ғасырлар бойы азаттық жолында күресіп, «жалындап жанып» елінің егемендігін алды. Өз жерінде, өз елінде өз туын көтеріп, өз тілін мемлекеттік етіп, өз тілінде сөйледі. Сайрады, әндетті, шырқады... «Егер ертең тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын», - деген сөздер баяғыда бекер айтылмаған екен.

Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 11-шілдеде шыққан «Тіл туралы» Заңында: «Қазақстан халқын топтастырудың маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп айтылған. Бұл Заңды орындау барысында барлық оқу орындарында қазақ тілі оқыты-

лып келеді. Қазақ тілі – қазақ халқының басынан өткен өмірін, тарихын, қолы жеткен жетістіктерін, әдеби шығармаларын, өнерін, өмір туралы ұғымын, ойын, сезімін, атадан балаға мұра етіп жеткізіп келе жатқан бар құндылықты бойына жинаған халықтың зор байлығы.

Жыл сайын Қазақстан Республика-



сының халқы тілдер мерекесін тойлайды. Қазақстанда жүзден астам ұлыстар өкілдері тұрады. Әр ұлттың өзінің тілі, өзінің әдет-ғұрпы бар. Бірақ, бәріміз де бір жанұядай тату-тәтті өмір сүреміз. Орыс бол мейлі, неміс бол – Қазақстан жерін еркін, бақытты болып басып жүреміз. «Басқа ұлтсын», - деп ешкім де, ешкімнің бетіне басып, ренжітпейді. Адам еңбексүйгіш болса, білімді, мәдениетті, парасатты болса, ол кез келген жерде еңбек етіп, ғылыми жұмыспен айна-

лысып, жасқанбай қалаған емханасына, оқу орнына барып жүруіне болады. Бұл жерде әр ұлттың салт-дәстүрлері сақталып қуанышпен тойланып жатады. Кез келген адам табысқа жете алады, тек Занды бұзбаса, өзге азаматтарды сыйласа болды.

Қазақ халқы ежелден өзінің қонақжайлығымен, ашық жүрегімен, ақ көңілдігімен белгілі. Баяғы 1936-37-жылдары қазақ халқының осы ізгі қасиеттері саяси қырғын-сүргін құрбандарының өмірін сақтап, өздеріне қазақ елінде пана іздеген көшпенділерді қарсы алып, бауырына басқан да қазақ еді. Солардың көбі қазақ елін, жерін сүйіп осында мекендеп қалды, осы жерде тамырларын тереңнен жіберіп, өздерін қазақтың бауырымын деп санады. Бүгінгі таңда қарап отырсаңыз, қазаққа қарағанда өзге ұлт өкілдері қазақша сөйлеп, ән салып, қазақ мектебіне барғыны байқалады. Қаламыздағы балалар бақшаларына барғанда осындай үрдісті байқадым. Бұлдан біздің қазақ ата-аналарымыз, бауырларымыз үлгі алуы тиіс деп ойлаймын.

Мен Қазақстан елін, өзіміз Отанымды мәңгілік сүйіп өтемін. Мен үшін осындай өткен тарихы бар, бақытты бүгінгі күні бар, жарқын келешегі бар Отаннан, оның тілі мен дәстүрінен, әні мен күйінен, ділі мен дінінен, жалпы ұлттық құндылықтарынан биік, қадірлі, құнды, ұнамды ештеңе жоқ. Тілдер мерекесімен қала тұрғындарын, жерлестерімді, тіл жанашырларын, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін шын жүректен құттықтаймын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Мемлекеттік тіл мәселесі ешқашан маңызын жоймайтын түйткіл екендігін мойындауға тиіспіз. Осы орайда халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы» деген сөзі ойға оралады. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауы керек. Бір ұлттың тілінен сол ұлттың сыры, тарихи тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды терен тіл жоқ деп, тіл жайында терен толғанған екен кезінде шет ел жиһанкездері. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл – сөйлеу мен ой жеткізу құралы болумен қатар, өткендегі олжаларды бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді. Қабырғалы ел ата-бабадан мұра болып қалған және қазіргі уақытта жаңа синтезге, жаңа бейнеге, жаңа кейіптерге айналып үлгерген біртұтас зерделі, аңсар-мұратты, ғылыми жетістіктер мен байлықтарды игере алатын құдіретті тіл арқылы ғана мәңгілік тұрақтылығын сақтай

алады. Себебі, халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды, қай деңгейде ойласа, сол аяда сөйлейді. Тіл – халықтың жаны. Тіл құрыса, жер бетінен халық та жоғалады.

XX ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін егемендіктің көк туының желбіреуі. Ендігі мақсатымыз – ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру. Ұлттық мінез, ұлттық намыс, ана тілі жоқ жерде – ұлт та жоқ. Тіл әрбір ұлттың өзіндік төл болмысын білдіретін, тарихтағы орнын анықтайтын, өмірлік және шығармашылық қайталанбағын паш ететін құрал. Тіл – сол елдің тағдыры. Мемлекет басшысы: «Менің ел басшысы ретінде де, қазақ ретінде де парызым қазақ тілін өсіп өркендету. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады: өседі, өркендейді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау – менің перзенттік те, президенттік те парызым», - деді.

Республикамыздағы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Туымыз, Елтанбамыз, Әнұранымызбен қа-

тар, тіл де біздің елдігіміздің басты белгілерінің бірі. Осыдан 25 жыл бұрын «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заң қабылданып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып қазақ тілі белгіленді. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолдануының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының тіл туралы саясатын жүзеге асыру мақсатында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік тіл тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ұлт-аралық ортақ тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі болғандықтан, тек қана қазақ халқы емес, сонымен қатар өзге ұлттың азаматтары да мемлекеттік тілді меңгеруге тырысуда. Өйткені, олардың жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, атасы басқа болса да Отаны бір. Қаншама

ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақты дәріптейтін, тілі мен дәстүріне құрмет көрсетуді насихаттайтын іс-шараларды мектептерде, орта-арнаулы және жоғарғы оқу орындарында ұйымдастырып отырудың маңызы зор деп ойлаймыз. Мұндай іс-шараларды өткізудің басты мақсаты – өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құштарлығын арттыру болмақ.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілін өзіне тірек етіп, ол тілді жүрегімен сүю, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, алдымен, өзін қазақпын деп санайтындар ғана емес, қазақ-тың топтарында тұратын таза ниетті әрбір азаматтың еліміз алдындағы парызы. Қазақтың белгісі – қазақша ойлап, қазақша сөйлеу. Олай болса, мемлекеттік тіліміздің тамырын тереңге жаю жолында талмай ізденейік. Қазақ тілінің мәртебесін қазақша сөйлеп көтергенде ғана ана тіліміздің мәртебесі жоғары, шоқтығы биік болмақ.

**Гуля ҚАСЫМОВА,**  
Приозерск қалалық білім бөлімінің  
басшысы



## ВИРУС РАДИКАЛИЗМА – ЭТО ГОРЕ, КОТОРОЕ МОЖЕТ КОСНУТЬСЯ ЛЮБОГО

Интервью с доктором исторических наук, религиоведом  
Асылбеком Избаировым



**–В последнее время много говорится о том, что одним из главных факторов риска для Казахстана является религиозный экстремизм. Но насколько реально данная угроза для нашего общества?**

–Религиозный экстремизм в Казахстане является явлением глубоко маргинальным, и присущ малочисленным разрозненным группам. Религиозная обстановка на сегодняшний день стабильная. Однако мы должны понимать, да, с одной стороны, религиозно-экстремистские группы в Казахстане относительно малочисленны и разрозненны. Но с другой стороны, тот же опыт Алматы (лето 2016 г.) и Тараза (2011 г.) показывает, что даже террорист-одиночка способен нанести колоссальный ущерб, особенно в плане общественно-политического резонанса. Поэтому религиозный экстремизм является очень серьезной проблемой.

**–Каким образом общество может противостоять этому злу? Как люди становятся террористами, для чего люди идут туда? Как люди могут осознанно идти на войну, совершать убийства?**

–Мы пытались вывести определенный политический портрет террориста. Рассматривали социальные факторы, молодой возраст, неопытность, доверчивость, низкий уровень грамотности и т.д. Да, конечно, все это может присутствовать. Но весь этот портрет рухнул. В результате универсальный образ террориста мы не смогли создать. И здесь мы пришли к выводу, что все таки это убеждение человека. Люди вовлекаются в радикальную идеологию, постепенно проникаются ею, принимают ее и идут на убийства уже по своим убеждениям. Осознанно.

**–Каким же образом они в какой-то момент становятся террористами?**

–Безусловно, радикальной идеологией человек проникается не сразу. Этому предшествует несколько этапов вербовки. На первом этапе будущего адепта завлекают в ловушку ложной идеологии под видом принятия ислама. Ему как бы прививают религиозные каноны, рассказывают об исламе. Но при этом обостряют

внимание на некоторых вопросах. Говорят о том, общепринятый в Казахстане мазхаб Абу Ханифы неправильный, что нельзя подчиняться имамам, что они – муруджиты. На втором этапе уже идет насаждение идеологии такфира, то есть обвинение в неверии. Теперь уже они обвиняют в неверии конкретно людей – близкое окружение человека. Это родители, семья, друзья и коллеги. Далее идет обвинение всего общества, а затем всего государства. Таким образом, психологическая обработка проводится в три стадии. Адепт считает «кафирами» своего отца, мать, всех родных людей, начинает ненавидеть своих родителей, родных, все общество и государство. На третьем этапе происходит физическое и психическое истощение человека. Он уже устает, ведь он не может находиться в конфликте со всем обществом и жить в «кафирском» государстве. Когда человек находится уже на грани нервного срыва ему говорят, что выходом отсюда может быть только джихад. И зомбированный адепт принимает выехать на зону боевых действий или совершить псевдоджихад. После этого они сжигают все мосты, и обратного пути у них нет.

**–Каким образом мы можем противостоять этому процессу, когда нормальные люди превращаются в опасных для общества зомби?**

–На каждом этапе с жертвой должен работать образованный теолог, который должен разубеждать адепта поэтапно на каждом шагу. Показывать на каждой позиции, где он ошибся. Таким образом можно человека вернуть. Мы должны понять, что для нас дорог каждый гражданин Казахстана, будь он тафриром или представителем другого деструктивного культа. Мы должны их переубедить и по возможности вернуть к нормальной жизни в обществе. На сегодняшний день целенаправленное воздействие на общество, особенно на молодежь проводится через специально созданные сайты, социальные сети, видеоролики, религиозную литературу, в которых, прикрываясь общечеловеческими ценностями, усиленно продвигаются экстремистские идеи. К сожалению, битва за умы людей, обработка жертв происходит ежедневно. Даже пока мы тут разговариваем с вами, адепты вербуют очередную жертву. Поэтому в обществе необходимо вести широкомасштабную профилактическую работу, разъяснять опасность радикальной идеологии. Для молодежи особенно опасны интернет-проповеди лжепроповедников в социальных сетях. Надо донести каждому молодому человеку, что в социальных сетях ислам чаще всего используется для прикрытия экстремистских целей. Не все золото, что

блестит. Не все ислам, что в социальных сетях!

**–Где же тогда молодые люди могут удовлетворить свои духовные потребности?**

Во-первых, родители должны осознать свою ответственность за своих детей. И если есть у ребенка интерес к религии, то нужно прививать традиционные ценности. Пойти вместе с молодым человеком в мечеть, выбрать духовного наставника. Лучше всего в этом деле если дети следуют за родителями. Кстати, в большинстве случаев так и происходит. В подавляющем большинстве молодые люди придерживаются религии, являющейся традиционной для их национальности. И это хорошо. Не нужно бояться мечетей и церквей – ведь там прививается традиционная религия. Опасны именно отклонения от традиционных ценностей, которые приводят потом к разрушительным последствиям.



**–Насколько заражена наша молодежь радикальными идеями? И почему экстремистов интересуют именно молодые люди?**

–Религиозные радикальные силы стали целенаправленно вовлекать в свои ряды именно молодежь. Показательно, что, по оценкам научно-исследовательского центра «Молодежь», более 55% экстремистов являются молодыми людьми в возрасте 17-29 лет. Как видим, активизация пропаганды международного религиозного экстремизма в основном нацелена на молодежь и поэтому именно среди молодых людей необходимо проводить активную профилактическую работу. Зачастую причинами радикализации верующих называют невежество, бедность, социальные проблемы, несправедливость и т.д. Никто не застрахован от радикального вируса. Но все же экстремистские организации выискивают именно молодых людей, потому что основ-

## Противодействие радикальным религиозным идеям

ном не имеют глубокого жизненного опыта. Их эмоциональная сфера еще не имеет иммунитета, очень открыта и податлива. Поэтому они легко воздействуют на их сознание, и внушают им свои исковерканные религиозные постулаты.

**–Как специалист, который занимается проблемами мирового терроризма, каким Вы видите выход из ситуации? Как необходимо проводить работу с молодежью, чтобы не повторить путь Сирии?**

–Как показывает комплексный анализ, профилактическая деятельность по противодействию радикальным религиозным идеям среди молодежи, должна строиться на трех неизменных константах. Причем здесь важны все три направления деятельности. Это, в-первую очередь, теологические аспекты. Необходимо уделять внимание разъяснению правильных положений и ценностей ислама. Нельзя допускать отрицания традиционной религии наших предков, которая имеет вековые традиции.

Во-вторых, очень важно продвижение национального компонента для разъяснения исторической взаимосвязи казахских национальных традиций с исламом и правильной подачи национальной истории. Здесь очень огромные возможности, ведь мы имеем очень богатую историю, культуру, традиции. Наши дети с малых лет должны знать, что национальная культура, традиции ни чуть не противостоят исламу, а наоборот веками развивались в гармонии с религией.

В третьих, духовно-нравственное воспитание молодежи должно строиться на ценностях Независимости. Здесь также огромные возможности для использования позитивного социального потенциала религии на благо общества.

Необходимо, чтобы как можно больше людей в нашем обществе знали, что такфиризм – это не религия, а большая политическая игра. А религия здесь служит просто ширмой. Главная же цель всего этого спектакля - политическая дестабилизация и стремление к захвату богатствами нашей земли. Никто не застрахован от заражения вирусом радикализма. И это горе может коснуться любого человека. Поэтому противостоять чуждой идеологии мы должны всем государством. Разъяснять опасность, предостерегать молодых людей должны и родители, и педагоги, и имамы, и руководители организаций, учебных заведений. Каждый человек в обществе должен понять насколько опасна угроза терроризма, что война за людские души идет давно. Одним словом, в битве за умы людей, нас может спасти собственная национальная идентичность и свое собственное национальное достоинство.

Материал предоставлен  
ОВП, КирЯ г.Приозерск.  
Фото - выбор редакции

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

### БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН ЖӘНЕ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН АДАМДАРДЫ БЕЙІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 3 ТОҚСАНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Приозерск қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы №1/2 қаулысына сәйкес, пробация қызметінің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жаза-сын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультативтік-кеңесші органның комиссия-сы құрылған, комиссия құрамына пробация қызметінің өкілдері, мемлекеттік мекеме-лердің басшылары, Приозерск қаласының жергілікті полиция қызметі бөлімшесі және Приозерск қаласының орталық аурухана өкілдері кіреді.

Ағымдағы жылы консультативтік-кеңесші органның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, кезекті 3 отырыс.

Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 34/238 шешімімен бекітілген «әлеуметтік көмек

көрсетудің, оның мөлшерлерін бегілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтар-дың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Ережесінің негізінде ағымдағы жылы бас бостандығынан айыру орындарынан боса-тылған 2 адамға жалпы сомасы 81 435 теңге материалдық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес, бас бостандығынан айыру оры-ндарынан босатылған 2 азаматқа азық-түлік себетін беру түрінде зағтай көмек көр-сетіліп, бұрын қолданылған киімдер ұсынылды.

Сондай-ақ, сотталған 1 тұлғаға Прио-зерск қаласының полиция бөлімі көші-кон қызметінің тобы құжаттандыру түрінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетті.

Приозерск қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 6/26 «Приозерск қаласы азаматтарының жекелеген санат-тарын жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысы негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға жұмысқа орналасу үшін 9 жұмыс орыны берілді.

Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған 9 азаматқа мынадай белсенді жұмыспен қамту шаралары көрсетілді, атап айтқанда:

-шабарман ретінде қоғамдық жұмыс-тарға -2 адам.

-тұрақты жұмысқа -7 адам жолданды.

Бас бостандығынан айыру орында-рынан босатылған және пробация қызме-тінде есепте тұрған адамдар өтініш берген жағдайда, халықты жұмыспен қамту орталығы Әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыстарға, тұрақты жұмыс-тарға, шағын несие беруге, мемлекеттік гранттар беруге, қайта даярлау немесе кәсіптік даярлау курстарына жіберу сияқты мемлекеттік қолдаудың барлық түрлерін ұсынады.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Рухани жаңғыру аясында

# КҮМБІР КҮЙГЕ БАУЛЫҒАН ҰСТАЗ

Өнер сахнасында шыркалып жүрген «Домбыра» әнінде «Күй ойнайды қазағымның қанында, күй ойнайды қазағымның жанында» деп келетін шырайлы жыр жолдары бар ғой. Дәл айтылған. Осы рухты әнді тындамаған қазақ кемде-кем болар десек, тындаған жамағаттың баршасы осынау сөздердің шындығына ден қойғаны күмәнсіз. Қалай десек те, қазақтың жаны – күйінде. Жанының барлық қатпарлары, қуанышы мен қайғысы, күйініші мен сүйініші, мұң-шері мен шаттығы баяулап, толқындап, тасқындап тек домбыра шанағынан төгіледі. Қазақтың мінезі, ерлігі мен өрлігі, сабыр-сабаты да қазақтың өзінің күйлерінде жатыр. Халқымыздың әдет-ғұрпы, дарқандығы мен даналығы, ерке



назды сұлулары кейіптелген күйлер ше? Қазақтың ұлан-байтақ даласы, сол даланың табиғаты, Алатауы мен Қаратауы, Сарыарқасы мен Сары өзені, Саржайлауы – бәрі-бәрі қазағымның күйлерінде көрініс тапқан. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген Қадыр ақынның терең ақыл-парасатының меңзеп отырғаны да осы емес пе. Тарау-тарау, тармақ-тармақ, желі-желі болып уақытпен бірге үдере көшкен қазақтың мың сан күйлерінде, сайып келгенде, ата қазақтың өзі, оның ата тарихы, елдігі мен береке-бірлігі, ұлттық мерейі мен мәртебелі мемлекеттігі бейнеленген. Өз алдына дербес ел болып, кеудесі биік, еркін отырмаған халықта мұндай кең салалы, ұлағаты зор, асқақ рухты, мұхиттай айдынды, өрелі өнер тумас еді. Байқасаңыз, біздің күйлеріміздің өне бойында тұтаса жүлделенген қазақтың соқталы тарихы өріліп шығады.

Еркіндік, азаттық жолындағы күресі атойлайды. Көк байрақ көтерген бүгінгі Қазақстан деген егеменді еркін елдің еңселі рухы мен жасампаздық қуаты Құрманғазы оркестрі орындаған терең тебіреністі, толқымалы, шалқымалы, балқымалы күйлерден асқақтай көрінеді. Күй – рухыңды көтереді, жігеріңді жаниды, қайғырғанды жұбатып, мұңайғанды басады. Күй қазақтың рухани байлығы саналады.

Қазақ қуанса да, қапаланса да домбыраға қол созған, күймен жұбанған. Кеңес кыспағындағы қапас кездерде Мұхтар Әуезовтің «қазақтың ұяты күйінде ғана қалды» деп күңіренуінде үлкен астарлы мән жатыр. Қиналған шақтарда күй қазақты, оның ардагер перзенттерінің қорғаны болғанын да аңдаймыз бұдан. Қазақ күйінің табиғатына тымырсық пен қапас, жәреуке мен көлгірлік әзелден жат. Ол – түптен таза тұнық тұма тәрізді. Күй – халықтың жаны дейтініміз де сондықтан. Күйдің тірі тарих екенін тамыршыдай тап басқан Ахмет

Жұбанов күйшілер туралы кітабын «Ғасырлар пернесі» деп атауының өзі қандай ғажап. «Домбыра мұнша шешен болдың неге? Күй толған көкірегің шежіре ме? Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің, Саусағым тиіп кетсе ішегіңе» деп толғана жырлаған дауылпаз ақын Қасым Аманжолов күйдің көнекөз қариядай даңғыл көкірек тарихшылдығын сүйіне, сүйсіне әспеттейді. Шын мәнінде де «Ел айрылған» мен «Ноғайлының босқаны», «Кішкентай» мен «Көбік шашқан», «Он алтыншы жыл» секілді сұрапыл күйлер тарихымыздың бір-бір белестері емес пе. Жоңғар шапқыншылығы тұсынан «Қаратаудың шерпесі» мен «Қалмақтың қара жорғасы» аңырайды. «Нар идірген» мен «Қорқыт» бастаған аңыз күйлерде де қаншама тарих сырлары шертіледі. Осының бәрі ұлтымыздың баға жетпес рухани құндылықтары.

Қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығында мектеп жасындағы балаларды ұлтымыздың асыл өнері – күй тартуға баулып жүрген күйші-ұстаз Айман Нұртаеваны қала тұрғындарының ішіндегі өнерге ғашық жандардың танымайтыны жоқ шығар. 2004-жылдан бері орталықтан домбырашылар үйірмесін ашып, балаларға күйден дәріс берген Айман өз шәкірттерімен бірге сахнаға шығып, өзі құрған домбырашылар «Балбырауын» ансамбілімен тыңдаушыларын қазақ күйлері арқылы тәнті етіп келеді. Күйші-ұстаздың алдынан күй өнеріне қанығып шыққан шәкірттерінің алды бүгінде есейіп, шаңырақ құрып кеткен. Оның алды әрқашан ұлттық аспабымыз – домбыраға әуестігі бар ұл-қыздармен әр жаңа оқу жылында толығып отырады. Қаламызда өтіп тұратын мәдени-көпшілік шаралар «Балбырауын» ансамбльдің қатысуынсыз өтпейді. Қазақ күйлерін әртүрлі ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен мәнеріне келтіре орындаған шығармалар тыңдармандар көңілінен шығып, сүйсіне қол соғып отырады. Жоғарыда баяндағанымыздай, күй күдіреті жүрекпен тыңдаған жанды еліттірмей, еліктірмей, ой теңізіне шомдырмай қоймайды. Соңғы кезде оркестір құрамына қобыз аспабының қосылуы да топтың әуенін жақсарта, жаңғырта түскендей. Күй – қазақтың ұлттық құндылығы һәм рухани байлығы. Осынау өнерді насихаттап, ұрпаққа мұра етіп қалдыруға бар күшін салдып жүрген, өнер жанашыры Айман Дәуітқұлқызына қала тұрғындарының, өнерсүйер қауымның айтар алғысы да шексіз.

Айман Дәуітқұлқызы Нұртаева Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында туып, өскен. Бала кезінен өнерге, соның ішінде домбыраға әуестенген ол мектептен білім алған соң Алматы облысы, Қаскелең қаласындағы «Қаскелең мәдениет колледжіне» оқуға түсіп, оны 1996-жылы бітірген. Балғын шағында айтысқа қатысып, сөзге шешендігін байқатқанымен, бұл өнерді әрі қарай дамытпапты. Өзі қалаған домбырашылық, күйшілік мамандығының соңынан мықтап түскен Айман 2004-жылы өміржолдасының қызмет бабымен Приозерск қаласына көшіп келіп, «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығындағы музыка бөлімінің домбыра сыныбы мұғалімі болып қызметке орналасады. Өзінің ізденуінің, талпынысының арқасында орта арнаулы біліммен шектелуді құп көрмеген ол 2014-жылы Тараз қаласындағы инновациялық гуманитарлық университетінің педагогика және психология мамандығы (білім бакалавры) бойынша бітіріп алады. Мұнымен тоқтап қалмаған Айман 2017-жылы Шымкент инновациялық гуманитарлық универ-

ситетінің музыкалық білім мамандығы (білім бакалавры) бойынша дипломына ие болған. Өмірінің он бес жылын білім саласына, соның ішінде өнердің күйшілік бағытына арнаған өнерпаз-ұстаз баланың жанын түсінетін, олардың білімді, мәдениетті, әдепті, мейірімді, қамқор жандар болып жетілуіне сүбелі үлесін қосып келеді.

– Менің алға қойған мақсатым – музыкалық тәрбиенің негізгі мәні, сапалық жағынан жеке адамның жандүниесінің қоршаған ортамен үйлесе қалыптасуын және болмысындағы рухани байлығын дамыту. Өз саламада сапалы білімге қол жеткізу, оқушылардың танымдық қабілетін арттыру және бәсекеге қабілетті жеке тұлға болуға дайындау. Музыкалық тәрбие беруде мұғалімнің алдына үш міндет қояды: музыкалық әртүрлі әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту; музыканы сезім арқылы саналы түрде түсінуге баулу; музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйрету және орындаушылық дағдыны меңгерту. Жалпы оқушылардың жақсы қасиеттерін дамыта отырып, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, нәтижелі және жоғарғы орындардан көрінуге талпындыру, – деді бізбен әңгіме барысында өнерпаз-ұстаз.

Бүгінгі таңда Айман Дәуітқұлқызы сол мақсаттары мен армандарының біразына қол жеткізген. Жеке шәкірттері және ансамбілі облыстық, республикалық, халықаралық өнер байқауларына қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізуде. Өзінің жеткен жетістіктері де атаусыз қалған емес. Ұстаздың қызметтік бөлмесінде сұқбат-



тасуда болғанда байқағанымыз, бір қабырғаны дерлік алып тұрған және шкаф сөрелеріне жайғастырылған Мадақтама, Алғыс хат, диплом, куәліктерден көз тұнады. Бұрынғыларын қоспағанда, 2011-жылдан бергі кезеңдегі марапаттарының жалпы саны жүзге тарта екен. Айман Нұртаева және «Балбырауын» ансамблінің, жеке орындаушылардың аттарына Қарағанды облыстық, Алматы қалалық, республикалық, халықаралық, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері және Приозерск қалалық әкімдігі ұйымдастырған байқауларда, мерекелік шараларда солар тарапынан берілген марапаттарын тізіп шығатын болсақ, бірнеше бетке жүк боларлықтай. Сондықтан жалпы марапаттар санымен шектеліп, ансамбілге үлкен үлес қосып жүрген жеке орындаушы-домбырашылардың есімдерін атап өтуді жөн көрдік. Еркебұлан Нұсейіт, Аяулым Орынбасар, Аліхан Сайлаубек, Әсет Ходжабай, Мағжан Қасқырбаев, Маржан Алшынбекова,

Айдана Яқшилик, Роман Школяр секілді балалар жеке орындаумен қатар дуэт, трио, квартет арқылы сахнаға шығып, әрісі республикалық және халықаралық байқауларда топтан озып, III, II, I-орындарға және бас жүлдеге ие болған жас таланттар. Ансамбльдің 2018-жылы өткен «Жайна, талант!» республикалық фестиваль конкурсында аттары аталған жас таланттардың арқасында бас жүлде – гран-приді жеңіп алуы, осы жылы Алматыда өткен «SAMGA» балалар мен жасөспірімдер орталығы ұйымдастырған III республикалық «SAMGA!» онлайн өнер байқауында АСПАПТА ОЙНАУ номинациясы бойынша талантымен ерекшеленген БАС ЖҮЛДЕ иегері «Балбырауын» ансамблі деп танылуы және биылғы 19-сәуір мен 5-мамыр аралығында ұйымдастырылған «Жас жұлдыз» өнер додасында топ жарып, Аяулым Орынбасардың бас жүлде дипломымен марапатталғаны, осы байқауда Малика Қайратқызы және «Балбырауын» ансамблі кіші тобының бірінші дәрежелі дипломға ие болуы көп нәрсені аңғартса керек. Бұл байқауда ұстаздары ретінде Айман Дәуітқұлқызы Нұртаева да «Үздік жетекші» Құрмет грамотасымен марапатталыпты. Қаламыздың, аймағымыздың және еліміздің мерейін үстем етіп, өнер жолында өрге жүзген жас ұрпақтың мұндай табыстарға, жетістіктерге жетуі Айман апайларының арқасы деп білеміз. Жас ұрпақты тәрбиелеп, жетілдіру, оларды күй өнеріне баулу, өзі армандағандай шәкірттерінің биік белестерден көрінуі жолында еңбек етіп, тер төгу Айманның маңдайына жазылған бағы, қуаныш-шаттығы, мақсат-

ты ойының жүзеге асқандығы. Ұстаздық және өнер жолында бұдан да үлкен белестерден көріне беруін тілейміз біз де өз тарапымыздан!

**PS: Осы мақаланы газетке дайындау барысында Қарағанды қаласындағы дарында балаларған арналған музыка мектебінің қобыз сыныбы бойынша түлегі, Айман Нұртаеваның қызы Әлима Еркіннің Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясына грантпен оқуға қабылданғандығы жайында сүйінші хабар келіп жетті. Әлима оқудан тыс, демалыс кездерінде «Балбырауын» ансамблінің құрамында және жеке оларды көрсетіп жүргеніне құлағыз. Анасының жолын қуған өнерлі қыздың оқуда және өнерде озықтар қатарында болуын тілейміз!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, газеттің арнаулы тілшісі. Суреттерде: А.Нұртаеваны марапаттау және шәкірттерімен.**

## КАРАНТИН КЕЗЕҢІНДЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОСЫМША ҚОЛДАУ АЛДЫ

«Төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыз-дағы № 109 бұйрығына сәйкес Приозерск

қаласында 2020 жылдың наурыз-шілде айларына халықтың 2216 жекелеген санаттарына (атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға, оның ішінде көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұрақты тұратын мүгедектерді және бас бостандығынан айыру орындарындағы

мүгедектерді қоспағанда, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар, медициналық, әлеуметтік мекемелерде тұратын тұрақты мүгедектерді және тұрмелердегі мүгедектерді қоспағанда, барлық жастағы бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеуші, жергілікті жұмыспен қамту орталығында ресми тіркелген жұмыссыздар)

### Мүгедектерді қолдау

азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтарды алуға 5567 теңге көлемінде жалпы сомасы 12,3 млн. теңге төленген.

Қаражат республикалық бюджеттен бөлінген.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
**ММ**



### КЕЛІННІҢ БЕТІН АШУ ДӘСТҮРІ

Беташар туралы бұрын да мақала жазылған еді. Осы тақырыпқа қайта айналып соғуыма әлеуметтік желідегі ортақ досымыз, жерлес қарындасым Роза Досмұратованың сөзі түрткі болды. Оның да мақсаты беташар дәстүрін жас ұрпаққа насихаттау және келіннің аяғының астына тойға сойылған қойдың терісі төселуі керектігін, оның үлкен мәні бар екендігін көпшілікке жария ету екен. Рухани жаңғыру – атабадан мирас қалған ұлттық құндылықтарды жойып алмаудан басталатыны ескеріп, осы мақаланы газет оқырмандарының назарына ұсынамын және өздеріңіздің ой-пікірлеріңізді қосуды өтінемін!.

Беташар – атамзаманнан басталып, бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан тағалымы мол дәстүр. Беташар шаңыраққа жаңа түскен келінге жасалады. Беташар рәсімін үйдің оң жақ босағасында, екі жағынан жігіттің жеңгелері қолтықтап тұрып жасайды. Бұл келіндер тәрбиелі, бала туып отырған, ауыл-үйге жақсы аты шыққан жандар болуы шарт. Беташарға жаңа түскен келіннің қайыңжұрты, араласатын жақын-жуығы және ауыл-аймағы толық жиналады. Келін өзінің келіп отырған жұртымен алғаш рет ақ желек астында, беташар кезінде танысады. Бұрынғы ата-бабаларымыз келіннің бетін ашарда баланың бірінің қолына қамшы ұстатып, оны келіннің беті жабылған үлкен ақ желекке жалғап, сонымен келінді илдіріп тұратын болған. Бетті қамшымен ашу – серт беру деген ұғымды білдіреді. Себебі атам қазақ бірденеге уағдаласқанда қолдарына қамшы ұстап тұрып серттескен, соған құдайдай сенген. Ондай сертті ешкім, ешқашан бұзбаған. Қасындағы абысқандар болса беташар ашушы сәлем салуы тиіс адамдардың атын атағанда келінді демеп, сәлем салуға икемдейді. Біздің тауелібайлықтар мен оңтүстік жұрты да әлі күнге келіннің оқтауын балаларға ұстатады. Бұның да өзіндік сыры, ырымы, мәні бар. Қазіргі келіндердің бетін оқтаумен ашады. Оқтау – қамыр жайып, шаңырақ иелеріне және қонақтарға қызмет ететін әрбір үйдің қаделі мүлкі болып есептелгендіктен, бұның да дұрыс салт екенін ескеруіміз керек секілді. Бүгінде беташарға шыққан келіннің аяғының астына кілем төселетінін білеміз. Негізінде бұрыннан қалыптасқан дәстүр-салт бойынша келіннің аяқ астына тойға сойылған қойдың немесе қошқардың терісі (бөстегі) төселуі тиіс. Бұл –

отбасының, жас жұбайлардың арақатынасы осы терідегі жүндей жылы, ағайын арасы тығыз, ұрпағы көп, байлығы мол болсын деген ырымнан келіп шыққан. Онсыз да тойға арнап қой, бойдақ сойылады емес пе, біз де соны төсесек болмай ма?! Қазақ атамыз осындай ырымдар мен салттарды негізге сүйене отырып қабылдағаны шындыққа саяды.

ауырлап келуі өзінің ел-жұртындағы бар жақсы-жаман қасиеттерді келесі әулетке алып келуі мүмкін деп санаған. Ондай жағдай бола қалғанда келіннің ата-анасын, аға-жеңгелерін шақыртып, айыбын беттеріне басқан және қыздарын ертіп жіберген. «Қызға қырық үйден тию» деген сөз осыдан шықса керек. Бұл ата-ана һәм ел-жұрты өліммен тең болған. Қыз әкесі төленген



Қазақта «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» – деген жақсы сөз бар. Мұндағы мензеп отырғаны, қазақ қауымы аяғы ауыр болып, әлде пәктігінен айрылып келген келінді ешқашан қабылдамаған. Жас жұбайлардың алғашқы неке түнінен соң жеңгелері көрпешенің үстінен төселетін ақ жайманы жігіт жеңгелері таңертең жиып алып, тексеретін болған. Соған қарап келіннің адал немесе қыз еместігін анықтаған және ақ боп келген келіннің енесінен сүйінші сұраған. Жаңа түскен келіннің аяғы

қалыңмалды ат-тон айбын қоса түгел қайтарған. Жылған жұрт арасында беташар кезінде жас келіннің қалай иіліп сәлем салғанын бақылайтын әйелдер бары жасырын емес. Келіннің иілуіне де мән беріп, оның қандай жан екендігін болжап отыратындар бар. Сондықтан бұл болашақта келін болатын қыздарға құлаққағыс. Келіннің бетін ашатын адам отбасы мүшелерінің ойласуымен алдын-ала таңдалады. Ол – ақын немесе өлең-сөзден хабары мол термеші-жыршы болуы мүмкін. Бет ашушы бұл

### Рухани жаңғыру аясында

рәсімге алдыбұрын дайындалады. Сәлем салдыратын жандардың атын біліп, оның мінез-құлқын, қызметін, ауыл-үйдегі абырой-беделін, жақсы-жаман жақтарын мұқият зерттеп, соған лайындық көреді. Беташар – жауапкершілігі мол қызмет. Өлеңге болмайтын бөстекі сөзді қолдану бет ашушының болашақтағы бебеліне нұқсан келтіреді. Егер бет ашушы бір сыннан сүрінбей өтсе, оны басқалар да жер түбінде болса да алдырып, келіндерінің бетін аштыруға пейілді болады. Бабаларымыз жақсы бет ашқан кісіге атшапан сыйлап, тіпті алтын-күміс бұйымдарын ұсынған. Ал, беташар кезінде аты аталған адамдар көрімдігін берген. Бет ашу деген үлкен өнер. Ол білімді, ақыл-ойдың тереңдігін, тапқырлықты, қиыннан қиыстырар ақындықты, сыйпабилықты, әншілікті талап етеді.

Беташар біткесін ауылдың сыйлы ақсақалы жас жұбайларға батасын береді. Жұрт тарағасын ең жақын ағайын-туыстар жас отауға кіріп келіннің қолынан «тәтті шай» ішуге жиналады. Келінге жақын жерде тәжірибесі бар абысыны жайғасып, ақыл-кеңесін айтып отырады және жаңа отбасы мүшелері мен туған-туыстарын келіннің құлағына сыбырлап таныстырады. Шай құю сәті келін үшпін үлкен сынақ. Оның отырысы, іс-қимылы, кесе иелерін шатастырып алмауы, отырған қонақтарға қарауы – барлық әрекеті жұрттың назарында болады. Осы сыннан жаңылмай өткен келін көпшіліктің назарына жақсы жағынан ілігіп, ол туралы жағымды пікірлер айтылады. Жаңа туған нәресте мен жаңа түскен келінге тесіліп қарау қазақтың болмысына жат қылық. Оларға көз, назар, сұқ өткіш келеді. Сондықтан келінге де көзмоншақ тағып қою ырымы бар бізде.

Рухани жаңғыру – ұлтымыздың осындай салт-дәстүрлерін сақтаудан, құрметтеуден, өз өмірімізде мәнін бұзбай қолданудан тұады. Беташардың әлі де біз ұғып-білмеген сырлары бар шығар. Дегенмен, өзіміз көрген, көкейге түйген жақсы дәстүрді жалғастыруымыз, өскелең ұрпаққа үлгі етуіміз, насихаттауымыз және жастарға мұра етіп қалдыруымыз біз – аға буынның парызымыз һәм қарызымыз болуы тиіс! Жиын-той, жақсылығымыз көп болып, ауызбірлігіміз берік болғай, ағайын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

### ШАРУА ЖАЙЫН ҰҚЫШТАҒАН ҚАЗАҚ

Жаз айының басталғаны кеше ғана сияқты еді, әне-міне дегеше жаздың соңғы айын да орталап қалыппыз. Не деген зымырап бара жатқан уақыт бұл?! Табиғат өзгерген бе немесе ауа-райы ауысып кеткен бе, биылғы жаз айлары көбінесе желді, дауылды, кей жерлерде жауынды болып өтті десек артық айтқандық емес. Енді жұрт қыс қамын ойлап, жеміс-жидектен банқалар жабу науқанын бастап та кетті. Қала тұрғындары үшін бұдан өзге тіріктің өзі жоқ есебі. Ал, біздің ата-бабаларымыздың өмірі жылдың төрт мезгілінде де еңбектен толастамаған. Олардың жаз айларын қалай өткізгеніне бір сәт назар аударып көрелік-ші...



Жаз – көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз үшін қатал қыс сынынан өтіп, мал төлдеп, қарбалас тірлік кешетін көктем

мезгілінен кейін, көші-қон тоқтап, төл аяқтанып ұқзақ жайылымға жарайтын болған уақытта келетін мерекелі, той-томалаққа толы демалыс болып есептелген. Жайлауда шаруаның тіршілігі біршама жайланады, таза ауада, көк майсаның үстінің отырып дем алғанға не жетсін, айналаға көз жүгіртіп, табиғаттың қайталанбас сұлулығынан ләззат, қуат аласың, құстардың көңілді әнін тыңдайсың. Шөбі шүйгін жайлаудағы мәуелеген жүзген, гүл атқан қандым, қысы-жазы көгеріп тұратын қызылша, тағы да басқа ірі шөп өсімдіктердің ауаны кернеп кететін тәтті иісін жұтып, рахат тапқан қандай ғанибет! «Ексең егін – ішесің тегін» демекші, мал жай болса, шаруа да жай. Біздің халқымыз ежелден мал өсіріп, тіршілік еткен халық. Жері байтақ, шөбі шүйгін, шаруаға жайлы Қызылқұм даласын малсыз көзге елестету мүмкін емес.

Өріске қарай мамыражай өріп бара жатқан төрт түлік малға сырғай қараудың өзі қуаныш. Ешкі-лақ тастан-тасқа секіріп, құрақ шөпті бырт-бырт үзіп, кең даланың сәнін келтіреді. Шаруасы саябырлаған шаруа жылдың бұл мезгілінде де тіршілік саябырлады деп қарап отырмайды. Үй тірлігімен шұғылдануға уақыты көбейген соң, үйдің, қора-қопсының кем-кетігін түгендеп, қолы ұзарып, жазда істеймін деп межелеп жүрген жұмыстарын істейді. Еңбексүйгіштігімен, тынымсыз тірлікпен ең даланың өзін көркем әлемге айнал-

дырады. Шұбат, қымыздан нәр алып, денсаулықтарың нығайтады.

Бұл мезгілде сүт мол болғаны себепті ісіне пысық шаруа мал сауып, сүт өнімдерін дайындайды. «Қойдың сүті қорғасын» демекші, мың дертке шипа болатын қойдың айранын айтпайсың ба?! Қой сүтінен дайындалатын ірімшік, құрт т.б. мал сүті өнімдерінің тәттілігі таңдайды жұлады. Көгендеп мал сауып, тайказанда сүт қайнатып, сүт өнімдерін дайындап жатқан малды ауыл көрінісін көзге елестетіп көр. Бұл жұмыстардың да өзіне сай қиындықтары, жалпы көпшілік біле бермейтін қырсырлары бар. Ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған бай тәжірибесінен хабары бар, мал шаруашылығын кәсіп етіп, бабалар жолын жалғастырып келе жатқан шаруагерлер бұл істе мүдірмейді. Әсіресе, әйел-қыздардың қолы қолына жұқпай, аса ептілікпен атқаратын істеріне тәнті боласың. Көшпелі өмір сүрген бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі мол екенін аңғарған шаруагерлеріміздің «Бұл тұнып тұрған байлық қой, мұны баршаңыз білуге тиіспіз» деген ынтасына еріксіз сүйсінеміз. Ұлттық дәстүр, бабалар салтын құрмет ету, оны өмірде ең жайдыру, келешек ұрпаққа саф күйінде табыс ету-бабалар аманаты, бүгінгі тірлігіміздің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Қазір біз пайдаланып жүрген құрғақ сүтті бабаларымыз да пайдаланған. Мал шаруашылығын майын ішкен ата-бабала-

рымыз мұндай әдісті білген және керемет ұсталықпен пайдаланған. Оны мал сүтін молайтып, қозылары марқайғанда, еркін жайылып, отын алатын жаз айларында дайындайды екен. Қойдың жаңа сойылған терісін, жүнін сыпырып, әбден тазалайды. Сонан кейін сүт құйылған тай қазанға салып, сүтпен бірге қайнатады. Қазандағы сүт азайса, үстіне тағы сүт құйып, қайната береді. Тері мен сүт бірге қайнаған соң, тері сүттің бар маңызын бойына сіңіріп, қалындай береді. Әбден болған соң, теріні қазаннан алып, көлеңкеде кептіреді. Тері кепкен соң қоржынға салып, кереге басына іліп қояды. Мұны көшпелі тұрмыс жасаған бабаларымыз мал суалып, сүті азайғанда пайдаланады екен. Күзеу, әсіресе, қыс уақытында кішкене балалар сүт сұрап қыңқылдағанда, бір шетінен кішкене кесіп алып, қайнаған суға салса, сүт дайын. Төрт түлік малға, бабаларымызға құтты қоныс болған сайын дала, қызылқұм – біздің баға жетпес байлығымыз. Сайын далада табиғаттың төл баласындай еркін өсіп, дала заңын тұрмыс-тіршілігімен үйлестіре білген халқымыздың мыңдаған жыл жинаған іс-тәжірибелері – сарқылмас қазынамыз. Солай екен, халықтық іс-тәжірибелерге оң көзбен қарап, оны көз қарашығындай сақтай білуіміз керек. Бабалар аманаты ұрпақтан-ұрпаққа сонда ғана жетіп барады.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

### Поддержка инвалидов

В соответствии с приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2020 года № 109 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере и обеспечения продуктово-бытовым набором некоторых категорий населения на период чрезвычайного положения» в городе Приозерск за март-июль 2020 года 2216 отдельным категориям населения (детям в возрасте от шести до восемнадцати лет, из числа получателей адресной социальной помощи, в том числе из многодетных семей, детям-

### В ПЕРИОД КАРАНТИНА ЛЮДИ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ ПОЛУЧИЛИ ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ ПОДДЕРЖКУ СО СТОРОНЫ ГОСУДАРСТВА

инвалидам до шестнадцати лет, за исключением инвалидов, постоянно проживающих в медико-социальных учреждениях и инвалидов, находящихся в местах лишения свободы, инвалидам первой, второй и третьей группы всех возрастов, за исключением инвалидов, постоянно проживающих в медико-социальных учреждениях и инвалидов, находящихся в местах лишения свободы, воспитывающим ребенка-инва-



лида, безработным, зарегистрированным в местном органе по вопросам занятости населения) было выплачено по 5567 тенге на покупку продуктово-бытовых наборов на общую сумму 12,3 млн. тенге. Денежные средства были выделены из республиканского бюджета.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

## НА ЧТО БЫЛИ ПОТРАЧЕНЫ ДЕНЬГИ С ПЛАТНЫХ ДОРОГ В КАЗАХСТАНЕ

Система платных автодорог была создана с целью покрывать расходы на их ремонт и содержание. О том, на что в итоге были потрачены денежные средства, читайте в материале Нурфин.

Платные дороги – это специальные участки автодорог республиканского значения, за использование которых взимается плата с автомобиля, вернее с его владельца. В Казахстане платных дорог несколько, и все они имеют специальное оборудование для контроля допуска водителей на проезжую часть. За 2019 год на платных трассах общей протяженностью 682 километра было собрано 5,389 млрд тенге. А по всем четырем участкам проехало в общей сложности 10,5 млн машин. Об этом сообщает национальная компания "КазАвтоЖол".

### Собранные средства

Доходы по платным участкам составили:

- Нур-Султан – Щучинск: 1,7 млрд тенге,
- Нур-Султан – Темиртау: собрано больше всего средств – 1,729 млрд тенге,
- Алматы – Капшагай: наименьший показатель – 972 млн тенге,
- Алматы – Хоргос: 988 млн тенге.

Тарифы на платные участки не одинаковы и зависят от региона и грузоподъемности машины.



При этом можно сэкономить и заплатить в два раза меньше, воспользовавшись следующими средствами: Мобильным банкингом – практически все банки имеют в

своем приложении функцию оплаты проезда по платным дорогам. Финансовым сервисом мобильного оператора – это

специальные сайты, с помощью которых можно оплатить определенные услуги через баланс мобильного телефона. Онлайн-кассами и электронными кошельками –

### Финансовый контроль

используются для оплаты через интернет или терминалы, которые можно найти фактически в любом магазине. А для жителей населенных пунктов вдоль платной дороги введены отдельные льготные абонементы за 1 000 тенге.

### На что потрачены средства

Закон «Об автомобильных дорогах» предусматривает обязательные пункты распределения полученных денег на следующие цели: содержание, ремонт и улучшение автодорог. Таким образом, собранные 5,389 млрд тенге, а также прочие доходы на 77,8 млн тенге, были распределены на:

- содержание и ремонт автодорог – 2,69 млрд тенге;
- содержание программно-аппаратного комплекса – выделено 1,401 млрд тенге;
- корпоративный налог и НДС (налог на добавочную стоимость) – 594,6 млн тенге;
- другие расходы – 14,2 млн тенге;
- покупка дорожно-эксплуатационной техники и терминального оборудования – 543,4 млн тенге;
- средства, превышающие расходы – 223,2 млн тенге, перечисляются в республиканский бюджет.

Источник: [www.nur.kz](http://www.nur.kz)

### Новости региона

О работах, проводимых на трассе Караганда-Балхаш, и о сроках завершения рассказал 27 августа руководитель Управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Карагандинской области Аскербек Халтонов.

- Для нашей области самым главным проектом сейчас является Центр-Юг, - делится Аскербек Халтонов.

- От областного центра до города Балхаш – 363 км. Данная дорога будет первой категории, четырехполосная.

## КОГДА ЗАВЕРШИТСЯ РЕКОНСТРУКЦИЯ ТРАССЫ КАРАГАНДА-БАЛХАШ



Необходимые средства с международного займа с китайского банка выделены. В данный момент ведутся работы согласно графика.

Было отмечено, что из всей протяженности транспортного коридора Центр-Юг, которая составляет 1289 км, половина проходит по территории Карагандинской области.

Что касается ремонтных работ на трассе Караганда-Балхаш, то все слои,

кроме асфальта, на 85% выполнены. Асфальтное покрытие сделано на 40%. Дополнительно акимом области было дано поручение заасфальтировать объездные дороги, чтобы население могло спокойно передвигаться в зимнее время.

Данный проект, согласно контракту, должен завершиться в мае 2023 года. Однако, как было сказано в ходе брифинга, его постараются завершить в 2021 году.

Источник: <http://ekaraganda.kz>

### ХАБАРЛАНДЫРУ!

#### Құрметті қала тұрғындары!

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Приозерск қаласының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидалары жөніндегі жобасымен <http://prio-predprinimatelstvo.gov.kz/ru/npa.html> сілтемесі арқылы өтіп таныса алатындарыңызды хабарлайды.

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ

### ОБЪЯВЛЕНИЕ!

#### Уважаемые жители города!

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» сообщает, что с проектом Правил выпаса сельскохозяйственных животных на территории города Приозерск можно ознакомиться перейдя по ссылке <http://prio-predprinimatelstvo.gov.kz/ru/npa.html>.

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

### ПРОДАЕТСЯ

Помещение под бизнес (быв. аптека), по адресу: бульвар Женис (быв. БСА), д.30-1., на первом этаже пятиэтажного дома. Есть входная группа. Цена договорная. Телефон: +7-747-161-6578

### ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

#### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник

Запись по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Ангалий), 8-747-970-25-81 (Карлыгаш)  
Мастер маникюра: +7700-614-10-41



#### Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш бутик «Золушка», расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации «Сибирское здоровье». Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу. Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник».

Контактный телефон: 8-777-103-8589  
Инстаграмм: zolushka\_kor



Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 36/680. Тираж: 500 экз., объем-3 п.л., формат - А2, 12 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041